

**Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы шикізат,  
аккумуляторлық батареялар мен жасыл сутектің тұрақты құн тізбектері  
жөніндегі стратегиялық әріптестік туралы өзара түсіністік меморандумы**

## **I. Кіріспе / Саяси контекст**

### **1. Мақсаты**

Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ (бұдан әрі – Тараптар) стратегиялық әріптестікті (бұдан әрі – Әріптестік) бастауға ниет білдірді. Әріптестік шеңберінде Тараптар өздерінің тиісті тұрақты құн тізбектерін неғұрлым тығыз интеграциялауды қамтамасыз ету мақсатында шикізат, аккумуляторлық батареялар мен жасыл сутегі саласындағы ынтымақтастықты тереңдетуге ниетті.

Тараптар шикізатты, әсіресе аса маңызды шикізат түрлерін (МШТ)<sup>1</sup> тұрақты жеткізуді қамтамасыз ету ортақ «жасыл» және цифрлық мақсаттарға қол жеткізу және энергия өндірісін, өнеркәсіп пен мобильділікті декарбонизациялау үшін маңызды алғышарт болып табылатынын мойындайды. Бұған қоса, бастапқы және қайта өңделген шикізат та көптеген өнеркәсіп экожүйелерінде өсіп келе жатқан сұранысқа ие<sup>2</sup>. Геосаяси ахуал контекстінде жеткізілімдердегі ықтимал іркілістер тәуекелдерін төмендету ашық стратегиялық дербестік, өнеркәсіптің орнықты салаларын құру және жаһандық бәсекеге қабілеттілікті сақтау мәселесі болып табылады.

Қазақстанның МШТ саласындағы жоғары әлеуеті мен Еуропаның МШТ-ні өндіру, өңдеу және қайта өңдеу, аккумуляторлық батареялар мен сутек салаларындағы тәжірибесін ұштастыра отырып, Әріптестіктің берік негізі қаланады.

Демек, 2015 жылғы 21 желтоқсанда қол қойылған және 2020 жылғы 1 наурызда күшіне енген Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы Кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісім<sup>3</sup> шеңберінде басталған саяси және экономикалық байланыстарды нығайтуды жалғастыру екі Тараптың да мүддесіне жатады. Атап айтқанда, Атап айтқанда, Тараптар:

<sup>1</sup> Аса маңызды шикізат түрлері бойынша хабарлама - COM(2020) 474

<sup>2</sup> ЕО-ның стратегиялық технологиялары мен секторларына қажет аса маңызды шикізат: Форсайт-зерттеу <https://ec.europa.eu/docsroom/documents/42881>

<sup>3</sup> Бір жағынан, Қазақстан Республикасы мен екінші жағынан, Еуропалық Одақтың және оған мүше мемлекеттердің арасындағы Кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісім - [http://data.europa.eu/eli/agree\\_internation/2016/123/oj](http://data.europa.eu/eli/agree_internation/2016/123/oj)

- өзара ұзақ мерзімді саяси және әлеуметтік-экономикалық тиімділікпен шикізат пен аккумуляторлық батареялардың стратегиялық құн тізбегіндегі даму мен өнеркәсіптік интеграцияны ынталандыру;
- экономикалық және әлеуметтік дамудың қозғаушы күші ретінде кен өндіру, өңдеу, өндіру және қайта өңдеу секторларында қосылған құн құру;
- көміртексіздендіру үдерісін жүзеге асыру қиынға түсетін секторларды декарбонизациялау құралы ретінде жасыл сутегіге ерекше назар аударып, Қазақстанның энергетикалық секторын декарбонизациялау мақсатында осы сектордағы жаңартылатын энергия көздерін дамытуды қолдау;
- шикізат құнын белгілеу тізбегін жаңғырту үшін инвестицияларға және қаржыландыру мүмкіндіктеріне жәрдемдесу;
- жергілікті басқаруды жетілдіру және пайдалы қазбаларды жауапты өндіру әдістерін насихаттау жолымен минералды ресурстарды тұрақты және әлеуметтік жауапты түрде игеру;
- шикізаттың бүкіл құнын белгілеу тізбегі бойында зерттеулер мен инновациялар саласында, оның ішінде пайдалы қазбалар мен тұйықталған цикл туралы білімдер, аккумуляторлық батареялар, сутегі өндірісіндегі технологиялар мен дағдылар саласында неғұрлым тығыз ынтымақтастыққа жәрдемдесу;
- шикізат, аккумуляторлық батареялар және сутегі құн тізбектері бойынша әлеуетті арттыру және Тараптар арасында білім алмасу;
- осы маңызды жеткізу тізбектерінің тиісті жұмыс істеуі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында екі тарап арасындағы диалогты жетілдіру мәселелері бойынша ынтымақтастықты жетілдіру мүмкіндіктерін қарастырады.

Ұсынылған Әріптестік аса маңызды және ұзақ мерзімді «жасыл» күн тәртібіміздің негізгі элементтерінің бірі болады.

Осы Әріптестікті дамыту кезінде бірқатар маңызды жетістіктер назарға алынды, атап айтқанда:

- 2015 жылғы 21 желтоқсанда қол қойылған және 2020 жылғы 1 наурызда күшіне енген Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы Кеңейтілген әріптестік және ынтымақтастық туралы келісім (КӘЫК). Бұл Келісімде кәсіпкерлік саясат және инвестициялар, сондай-ақ тау-кен өндіру, шикізат пен энергетика саласындағы ынтымақтастықты нығайту туралы нақты ережелер қамтылған.

- 2019 жылғы 15 мамырда қабылданған Еуропа Парламентіне және Еуропалық Одақ Кеңесіне «ЕО және Орталық Азия: тығыз әріптестікті нығайтудың жаңа мүмкіндіктері» атты бірлескен үндеу<sup>4</sup>.
- 2019 жылғы 17 маусымда Еуропалық Одақ Кеңесі қабылдаған Орталық Азия бойынша ЕО-ның жаңа стратегиясы<sup>5</sup>.
- Қазақстан сияқты ресурс өндіруші елдермен стратегиялық әріптестікті дамыту жөніндегі арнайы міндеттемесі (9-іс-қимыл) бар Еуропалық Комиссияның аса маңызды шикізат түрлері (2020 ж.) жөніндегі іс-қимыл жоспары.
- Еуропалық аккумуляторлар альянсын (2017 ж.), Еуропалық шикізат альянсын (2020 ж.) іске қосу.
- 2020 жылы қабылданған ЕО сутегі стратегиясы<sup>6</sup>, сутегінің Еуропада таза сутегі өндірісін дамыту және және тұрақты әрі қауіпсіз жеткізу тізбегін құруға көмектесе отырып, жеткізілімдерді әртараптандыру үшін жаңа мүмкіндіктер ашатындығын көрсетеді.
- ЕО жаһандық қақпасының (EU Global Gateway) (2021)<sup>7</sup> мақсаты – әріптес елдердің қажеттіліктерін ескере отырып және жергілікті қоғамдастықтар үшін ұзақ мерзімді пайданы қамтамасыз ете отырып, тұрақты және жоғары сапалы инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру. Бұл Еуропаның жетекші өнеркәсібін, жеке сектордың білімі мен инвестициялық әлеуетін қамтитын инвестиция тартуды көздейді.
- «RepowerEU» топтамасының бөлігі болып табылатын, 2022 жылы қабылданған, ЕО-ның сыртқы энергетикалық өзара іс-қимыл стратегиясы<sup>8</sup> жаңартылатын электр энергиясын және жасыл сутекті жергілікті өндіруге және тұтынуға жәрдемдесу, сондай-ақ әріптес елдерде «жасыл» өнеркәсіптің құн тізбектерін дамыту үшін энергетика саласындағы ынтымақтастықтың артықшылықтарын атап көрсетеді.
- 2017 жылғы 27 желтоқсандағы «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі.
- Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2021-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасы.

<sup>4</sup> Еуропа Парламенті мен Кеңеске бірлескен үндеу - ЕО және Орталық Азия: анағұрлым тығыз әріптестік үшін жаңа мүмкіндіктер <https://op.europa.eu/en/publication-detail/-/publication/4dd8e5fa-77ef-11e9-9f05-01aa75ed71a1/language-en/format-PDF/source-269545931>

<sup>5</sup> ЕО-ның Орталық Азия бойынша жаңа стратегиясы | Еуропаның сыртқы істер қызметінің сайты (europa.eu)

<sup>6</sup> Комиссияның Еуропа Парламентіне, Кеңесіне, Еуропалық экономикалық және әлеуметтік комитетіне және Өңірлер комитетіне арналған бірлескен үндеуі «Климаттық бейтарап Еуропаға арналған сутегі стратегиясы» - COM/2020/301 қорытынды құжат

<sup>7</sup> Еуропа Парламентіне, Кеңеске, Еуропа экономикалық және әлеуметтік комитетіне, Аймақтар комитетіне және The Global Gateway Еуропа инвестициялық банкіне бірлескен JOIN/2021/30 қорытынды үндеуі

<sup>8</sup> Еуропа Парламентіне, Кеңеске, Еуропа экономикалық және әлеуметтік комитетіне, Аймақтар комитетіне бірлескен үндеу - JOIN/2022/23 ЕО-ның құбылмалы әлемдегі сыртқы энергетикалық өзара әрекеттесуі

## **2. Әріптестік ауқымы**

Тараптар Әріптестік негізгі және қайталама шикізаттың, сондай-ақ аккумуляторлық батареялар мен жасыл сутегі өндірісінің барлық құн тізбегі бойынша іс-шараларды қамтиды деп күтеді.

Әріптестік Еуропалық Одақтың ағымдағы анықтамасында немесе болашақ өзгерістерінде, сондай-ақ болашақ өзара іс-қимыл барысында екі Тарап келіскен анықтамалар мен сыныптамаларда белгіленген аса маңызды шикізатқа бағытталатын болады, бірақ кез келген жағдайда «жасыл» және цифрлық ауысу үшін маңызды басқа металдар мен өнеркәсіп минералдарын қамтитын болады. Тараптар тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібі, атап айтқанда пайдалы қазбаларды іздеу және бағалау, тазарту/ өңдеу, өндіру және тасымалдау саласында тығыз ынтымақтастыққа ұмтылуға ниетті. Бұған қоса, қайталама шикізат саласындағы ынтымақтастық қайталама шикізатты, электронды сынықтарды қайта өңдеу мен қалдықтарды кәдеге жаратуды қамтуы мүмкін.

Жерде сирек кездесетін элементтер мен жерде сирек кездесетін металдар, аккумуляторлық батареялар және электронды сынықтар сияқты нақты өнімдерге келетін болсақ, Әріптестік екі Тараптың құн тізбектері арасындағы іскерлік мүмкіндіктерді кеңейтуге, сондай-ақ нарыққа қол жеткізуді реттейтін талаптарды тереңірек түсінуге ықпалын тигізетін болады.

## **3. Қағидааттар**

Әріптестік «Шикізат және энергетикалық тауарлар саласындағы ынтымақтастық» туралы 148-бапты іске асыру құралы ретінде КӨЫК-ге толығымен сәйкес жүзеге асырылатын болады. Әріптестік транспарентті және инклюзивті сипатта болып, екі Тараптың даму институттары мен ұйымдары, өнеркәсіп кәсіпорындары, бизнес қауымдастықтары және елеуметтік әріптестері, ЕО-ға мүше мүдделі мемлекеттер және Қазақстанның тиісті министрліктері (экономика, сауда және қаржы, тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібі, энергетика, қоршаған орта), қоғамдық ұйымдар, мүдделі қаржы мекемелері өкілдерінің және инвесторлардың қатысуымен төзімді көпдеңгейлі мемлекеттік-жекешелік әріптестікті қамтамасыз етуге тиіс.

Тараптар КӨЫК-нің 148(2)-бабында баяндалған қағидааттарды растайды. Атап айтқанда, Тараптар транспаренттік, болжамдылық және кемсітпеушілік қағидааттарын құрметтеу және қағидалардың сауданы бұрмаламайтынын қамтамасыз ету өндіріске және шикізат пен жасыл сутегі саудасына тікелей шетелдік инвестиция құю үшін қолайлы орта құрудың ең жақсы тәсілі болып табылады деп таниды. Тараптар бұл секторлардағы сауда мен инвестициялар ашық әрі бұрмалаусыз болу керектігімен келіседі.

Тараптар ынтымақтастық пен инвестициялық жобаларды дамыту дамыту платформалары тиісті мүдделі тараптардың Еуропалық өнеркәсіп альянстарына белсенді қатысуына жәрдемдесуге ниетті.

Тараптар шикізатты бөліп алу, өңдеу, тазарту және қайта өңдеу салаларындағы нарық субъектілері, кәсіби қауымдастықтар және азаматтық қоғам арасындағы тиісті ынтымақтастықты ынталандыруы керек.

Бұл ретте шикізатты пайдаланудағы басымдылық техногендік минералды түзілімдерді өңдеу және олардан МШТ-ні алу болып табылады.

## **II. Әріптестік шеңберіндегі жұмыстың негізгі бағыттары**

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып және КӨЫК сәйкес Тараптар Меморандумның осы бөлімінде айқындалған жұмыс бағыттары бойынша тығыз ынтымақтасуға ниетті.

### **1. МШТ мен аккумуляторлық батареялардың тұрақты құн тізбегін интеграциялау**

Мүдделі тараптардың бірлескен кәсіпорындарының, соның ішінде инвестициялық ұйымдардың іскерлік мүмкіндіктерге қатысуы арқылы негізгі және қайталама МШТ және аккумуляторлық батареялар құн тізбектерін интеграциялау.

Атап айтқанда, Тараптар мынадай мәселелерді пысықтауға ниетті:

- Қазақстандағы негізгі және қайталама МШТ-нің жаңа кен орындарын барлау;
- қалдық көздерінен минералды әлеуетті іздеуді қоса алғанда, ресурстарды жіктеудің және барлаудың озық тәжірибесін ілгерілету;
- жаңа технологиялар мен тұрақты тәжірибелерді енгізу арқылы пайдалы қазбаларды өндіру және тазарту процестері мен технологияларын жаңғырту;
- шикізатқа қатысты тұйық циклді экономиканы МШТ-ні кешенді және тиімді пайдалану, өңдеу және қайта өңдеу арқылы қолдау;
- Еуропалық Одақ аумағында пайдалануға арналған аккумуляторлық батареялардың бөлшектерін/қосалқы компоненттерін Қазақстанда өндіру мүмкіндіктерін зерделеу және ынтымақтастықты дамыту;
- кен өндіру және өңдеу өнеркәсібінің нормативтік-құқықтық базасын мониторингілеу және олардың халықаралық стандарттар мен озық тәжірибеге, атап айтқанда, экологиялық, әлеуметтік стандарттар мен тиімді басқару стандарттарына қатысты сәйкестігін қадағалау арқылы шикізатты тұрақты өндіру және өңдеу қағидаттарын қолдану;

- өндіріс қауіпсіздігін арттыру және қоршаған ортаға әсерді азайту мақсатында қолданыстағы және қараусыз қалған тау-кен өндіру объектілерін (өндіруден толық игеруге дейін) барлау мен мониторингті қолдау мақсатында деректерді, көрсетілетін қызметтерді және технологияларды қолдану.

## **2. Жасыл сутекті игеру және оның интеграциясы**

Тараптар ынтымақтастықты мынадай салаларда шоғырландырудың әлеуетті артықшылықтарын көреді:

- энергетикалық жүйені декарбонизациялау үшін жасыл энергетиканы дамытуды қолдау, соның ішінде ашық және адал бәсекелес нарықтар арқылы инвестицияларды қолдау;
- жасыл сутегі нарығын тұрақты түрде дамыту және инвестициялар мен сауда мүмкіндіктері үшін жаңа арналарды ілгерілету;
- жасыл сутегі арқылы өз экономикаларын декарбонизациялауға ықпал ету.

## **3. Шикізат, аккумуляторлық батареялар және жасыл сутегін жеткізу тізбегінің тұрақтылығын арттыру**

Тараптар осы Әріптестік шеңберінде жеткізу тізбегінің тұрақтылығын арттыру мақсатында өз ынтымақтастығын кеңейтуге, келесі мәселелер бойынша бірлесіп жұмыс істеп, тиісті диалог орнатуға келіседі:

- осы Әріптестіктің қолданылу аясына жататын инвестициялар, операциялар мен экспортқа қатысты шаралар туралы ақпаратты тарату және оның ашықтығын арттыруға;
- сауда мен инвестицияларды жеңілдететін шараларды іске асыру бойынша күш-жігерін арттыру;
- өнеркәсіп өкілдері хабарлаған жеткізу тізбегінің үзілуіне қатысты кез келген алаңдаушылық тудыратын мәселелерді және Тараптар қабылдайтын ықтимал жеңілдету шараларын ерте кезеңде талқылау;
- екіжақты сауда мен инвестицияның бұрмаланбауын қамтамасыз ету.

## **4. Зерттеулер мен инновациялар, дағдылар және әлеуетті арттыру**

Тараптар арнайы әзірленген бағдарламалар мен тағылымдамалар арқылы МШТ-нің, аккумуляторлық батареялардың және жасыл сутектің құн тізбектерінің барлық кезеңдерінде кәсіби дамуға, оқытуға және біліктілікті арттыруға жәрдемдесуге ниетті.

Сондай-ақ, Тараптар Қазақстанның ғылыми-зерттеу және инновациялық ұйымдарының (жеке/мемлекеттік) «Горизонт Еуропа» бағдарламасына, ЕО-ның

зерттеулер және инновациялар жөніндегі негіздемелік бағдарламасына<sup>9</sup>, сондай-ақ басқа да тиісті бағдарламаларға және ғылыми-зерттеу ұйымдарын атаулы нысаналы қаржыландыруға белсенді қатысуы арқылы МШТ-нің, аккумуляторлық батареялардың және жасыл сутектің құн тізбектері шеңберінде зерттеулер мен инновациялар саласындағы ынтымақтастықты нығайтуды көздейді.

Атап айтқанда, Тараптар:

- МШТ-нің құн тізбегін, оның ішінде жаңартылатын энергия көздерін пайдалану және цифрландыру есебінен декарбонизациялау;
- кен өндіру процестерін экологиялық жағынан тиімді ету және тұрақты болуын қамтамасыз ету;
- техногенді минералды түзілімдерді басқару және олардан МШТ бөліп алу;
- озық материалдар және оларды алмастыру;
- Тараптардың зерттеу орталықтары үшін технологиялар трансфері мен озық технологиялық әзірлемелерге өзара қол жетімділік;
- цифрландыру, деректерді басқару және үйлестіру;
- шикізаттың жаңа түрлерін барлаудың жаңа әдістері мен озық технологиялары және «Жер бетін бақылау» және Коперник деректері мен көрсетілетін қызметтерін пайдалана отырып, тау-кен қызметінің экологиялық мониторингі;
- қашықтықтан зондтау әдістерін пайдалана отырып, жер қойнауын геологиялық барлау саласында озық тәжірибе алмасу бағыттары бойынша ғылыми-зерттеу саласында ынтымақтастық орнатуға ниетті.

Сондай-ақ Тараптар сарапшылар семинарлары мен тренингтерін ұйымдастыру үшін техникалық көмек және ақпарат алмасу бағдарламасын (TAIEX) пайдалану мүмкіндігін көздейді және жақында іске қосылатын екіжақты ЕО-Қазақстан ынтымақтастық құралының қолдау мүмкіндіктерін зерделейді.

### **III. МШТ, аккумуляторлық батареялар және жасыл сутегі бойынша тұрақты жобаларға инвестициялар тарту**

Өріптестіктің жоғарыда аталған бағыттарының нысаналы маңыздылығын мойындай отырып, Тараптар негізгі тиісті қаржы және инвестициялық ұйымдардың қаржы және инвестициялық құралдарын жұмылдыру саласында ынтымақтасуға ниетті.

Сондай-ақ Тараптар Еуропалық шикізат альянсы және Еуропалық батареялар альянсы шеңберінде инвестициялық платформаларды дамытуды, әсіресе мыналар:

<sup>9</sup> Еуропа Парламенті мен Кеңестің 2021 жылғы 28 сәуірдегі (ЕО) 2021/695 Horizon Europe құру туралы қаулысы – қатысу және тарату ережелері белгіленген ЕО-ның зерттеулер мен инновациялар жөніндегі негіздемелік бағдарламасы, және (ЕО) №1290/2013 және (ЕО) №1291/2013 (ЕЭА қатысты мәтін) күші жойылған ережелер

- Қазақстандағы МШТ-нің және аккумуляторлық батареялардың құн тізбегінде тұрақты және инновациялық жобаларды жеке инвесторлармен үйлестіру және жүзеге асырылу қабілеті бар жобалар портфелін дайындау;
- қоғамдастық сарапшылардың жобалық ұсыныстарды алдын ала іріктеуі;
- ашықтық пен мүдделі тараптардың қатысуын арттыру;
- инвестициялық жобалардың қаржылық, әлеуметтік және экологиялық тұрақтылығы тұрғысынан іске асырылуын қамтамасыз ете алатын негіздемелік шарттарды қарау үшін құрал ретінде қолдауға ниетті.

Қаржы және инвестициялық құралдарды пайдалану Париж келісімінің ережелеріне және стандарттарға (халықаралық және еуропалық) сәйкес келуі, сондай-ақ қаржылық тәуекелдер мен банк талаптарына жауап беру ғана емес, сонымен қатар қоршаған ортаны қорғау, тұрақтылық, транспаренттік пен басқаруға қатысты озық тәжірибелерді ұстануы керек.

#### **IV. Іске асыру және мониторинг**

Әріптестікке қол қойылған сәттен бастап 6 ай ішінде Тараптар Стратегиялық әріптестіктің жол картасын әзірлеуге ниетті. Жол картасы жоғарыда белгіленген төрт жұмыс бағыты бойынша, сондай-ақ тиісті жұмыс шаралары бойынша Тараптар келіскен ынтымақтастықты жүзеге асыру мақсатында нақты іс-шараларды анықтауы тиіс.

Тараптар Әріптестіктің прогресін бағалау, ынтымақтастықтың ықтимал жаңа стратегиялық бағыттарын талқылау және алдағы кезеңге арналған Әріптестіктің Жол картасын бекіту үшін екі жыл сайын жоғары деңгейде (министрлер деңгейінде) тұрақты кездесулер ұйымдастыруға ниетті.

Бұған қоса, Тараптар Әріптестікті іске асыруға қатысы бар кез келген мәселелерді талқылау үшін аға лауазымды тұлғалардан, сарапшылардан және тиісті қатысушылардан (Әріптестіктің Жол картасында көрсетілгендей) тұратын арнайы жұмыс тобын құруға ниетті. Тараптар жұмыс тобының тұрақты отырыстарын өткізуді көздейді. Осы отырыстардың жұмыс нәтижелері КӘЫК шеңберіндегі Сауда конфигурациясындағы ынтымақтастық комитетінің және екі жылда бір рет жоғары деңгейде өткізілетін отырыстарда баяндалатын болады.

Жол картасын іске асыру барысында Тараптар Әріптестік Тараптарының әрқайсысының жарғы міндеттері мен мүдделеріне сәйкес ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін бірлесіп жұмыс істеуге, өзара қарым-қатынастарын теңдік, адал ынтымақтастық және бір-бірінің мүдделерін, соның ішінде мүдделі мемлекеттік



органдар мен компаниялар үшін құпия болып табылатын ақпаратты қорғау негізінде құруға ұмтылуда.

Сондай-ақ Тараптар Өріптестікке қатысты ақпаратты тұрақты және жиі бөлісу мақсатында Еуропалық шикізат альянсы және Еуропалық аккумуляторлар альянсы сияқты басқа қолданыстағы форматтарды пайдалануды көздейді.

## V. Формат

Осы Меморандум халықаралық немесе ішкі заңнамаға сәйкес құқықтар мен міндеттемелердің туындауын көздемейді. Атап айтқанда, осы Меморандум ешбір Тарапқа қаржыландыру міндеттемесін жүктемейді.

Бұдан басқа, осы Меморандум өзге тәртіпте көрініс тапқан кез келген мәселелер бойынша басқа Тарапқа преференциялық басымдық беру бойынша Тараптардың бірінің ешқандай міндеттемелерін білдірмейді.

Осы Меморандумда сипатталған әрекеттер Тараптар қол қойғаннан кейінгі күні басталатын болады.

2022 жылғы 7 қаңтарда Шарм әл-Шейхте қазақ және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалған.


Қазақстан Республикасы үшін

Еуропалық Одақ үшін



Әлихан Смайылов

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі



Урсула фон дер Ляйен

Еуропалық Комиссия Президенті

**Memorandum of Understanding between the Republic of Kazakhstan and  
the European Union on a strategic partnership on sustainable raw materials,  
batteries and renewable hydrogen value chains**

## **I. Introduction / Policy context**

### **1. Objectives**

The Republic of Kazakhstan and the European Union (hereinafter – the Sides) wish to start a strategic partnership (hereinafter “the Partnership”). In the framework of the Partnership, the Sides intend to deepen cooperation in the field of raw materials, batteries and renewable hydrogen with the aim of achieving closer integration of their respective sustainable value chains.

The Sides recognise that securing a sustainable supply of raw materials, especially critical raw materials (CRMs)<sup>1</sup>, is an essential prerequisite for delivering common green and digital objectives and decarbonising energy production, industry and mobility. Furthermore, both primary and processed raw materials, are in increasing demand for most industrial ecosystems<sup>2</sup>. In the context of the geopolitical situation, mitigating possible supply disruptions is a matter of open strategic autonomy, building resilient industries and preserving global competitiveness.

The high CRM potential in Kazakhstan, combined with European expertise in advanced CRM mining, processing and recycling, batteries and hydrogen, make a solid base for the Partnership.

Hence, it is in the interests of both Sides to continue building stronger political ties and economic links, as launched under the Enhanced Partnership and Cooperation Agreement between the European Union and Kazakhstan signed on 21 December 2015

---

<sup>1</sup> Communication on Critical Raw Materials - COM(2020) 474

<sup>2</sup> Critical Raw Materials for Strategic Technologies and Sectors in the EU: A Foresight Study - <https://ec.europa.eu/docsroom/documents/42881>

and entered into force on 1 March 2020<sup>3</sup>. Specifically, the Sides see the opportunity for cooperation in seeking:

- to foster development and industrial integration in the strategic value chains of raw materials and batteries with mutual long-term political and socio-economic benefits;
- to create added value in the mining, processing, manufacturing and recycling sectors as drivers for economic and social development;
- to support the development of renewable energy sources in the Kazakh energy sector for its decarbonisation, with a particular focus on renewable hydrogen as a means for the decarbonisation of otherwise hard to abate sectors;
- to facilitate investments and funding opportunities to upgrade and modernise raw material value chains;
- to develop mineral resources sustainably and in a socially responsible way through improved local governance and dissemination of responsible mining practices;
- to facilitate closer cooperation on research and innovation along the raw materials value chain, including on mineral knowledge and circularity, battery and hydrogen technologies and skills;
- capacity building and knowledge transfer between the Sides along the raw materials, batteries and hydrogen value chains;
- Enhance their dialogue to ensure the well-functioning and resilience of this critical supply chains.

The proposed Partnership would also become one of the key elements of our positive and long-term «green» agenda.

In developing this Partnership, several important developments are taken into account, namely:

- The Enhanced Partnership and Cooperation Agreement (EPCA) between the European Union and Kazakhstan, signed on 21 December 2015 and entered into force on 1 March 2020, includes specific provisions on strengthening cooperation in the field of business policy and investment, as well as mining industry, raw materials and energy.

---

<sup>3</sup> Enhanced Partnership and Cooperation Agreement between the European Union and its Member States, of the one part, and the Republic of Kazakhstan, of the other part - [http://data.europa.eu/eli/agree\\_internation/2016/123/oj](http://data.europa.eu/eli/agree_internation/2016/123/oj)

- Joint Communication to the European Parliament and the Council of the European Union on “The EU and Central Asia: New Opportunities for a Stronger Partnership”, adopted on 15 May 2019<sup>4</sup>.
- The New EU Strategy on Central Asia, adopted by the Council of the European Union on 17 June 2019<sup>5</sup>.
- The European Commission’s Action Plan on Critical Raw Materials (2020) with a dedicated commitment (Action 9) on developing strategic partnerships with resource-rich countries like Kazakhstan.
- The launch of the European Battery Alliance (2017), European Raw Materials Alliance (2020).
- The EU’s Hydrogen Strategy adopted in 2020<sup>6</sup> describes how hydrogen offers new opportunities for advancing clean hydrogen production in Europe and supply diversification, helping design stable and secure supply chains.
- The EU Global Gateway (2021)<sup>7</sup> aims at delivering sustainable and high-quality infrastructural projects, considering the needs of partner countries and ensuring lasting benefits for local communities. It intends to attract investment involving Europe’s leading industry, private sector knowledge and investment capacity.
- The EU External Energy Engagement Strategy adopted in 2022<sup>8</sup>, part of the REpowerEU package, emphasises the benefits of the cooperation on the energy transition to promote local production and consumption of renewable electricity and renewable hydrogen and the development of green industry value chains in partner countries.
- Code of the Republic of Kazakhstan «On Subsoil and Subsoil Use» dated 27 December 2017.
- The Concept of industrial-innovative development of the Republic of Kazakhstan for 2021 – 2025.

<sup>4</sup> Joint Communication to the European Parliament and the Council - The EU and Central Asia: New Opportunities for a Stronger Partnership <https://op.europa.eu/en/publication-detail/-/publication/4dd8e5fa-77ef-11e9-9f05-01aa75ed71a1/language-en/format-PDF/source-269545931>

<sup>5</sup> New EU Strategy on Central Asia | EEAS Website (europa.eu)

<sup>6</sup> Communication from the Commission to the European Parliament, the Council, the European Economic and Social Committee and the Committee of the Regions - A hydrogen strategy for a climate-neutral Europe - COM/2020/301 final

<sup>7</sup> Joint Communication to the European Parliament, the Council, the European Economic and Social Committee, the Committee of the Regions and the European Investment Bank The Global Gateway JOIN/2021/30 final

<sup>8</sup> Joint Communication to the European Parliament, the Council, the European Economic and Social Committee, the Committee of the Regions - EU external energy engagement in a changing world JOIN/2022/23 final

## ***2. Scope of the Partnership***

The Sides expect the Partnership to include activities along the entire value chain of both primary and secondary raw materials, as well as batteries and the production of renewable hydrogen. The Partnership has the focus on critical raw materials as defined in the European Union current definition or its future updates as well as a definition and classification agreed by both Sides through future interactions but includes in any case other metals and industrial minerals also important for the green and digital transition. The Sides intend to strive for close cooperation in the field of mining and processing industry, in particular, search for and evaluation of minerals, refining/processing, manufacturing and transportation. In addition, for secondary raw materials, the cooperation may cover the recycling of secondary raw materials, electronic scrap and waste disposal.

Regarding specific products such as rare earth elements and rare earth metals, batteries and electronic scrap, the Partnership should contribute to the expansion of business opportunities between the value chains of both Sides, as well as a deeper understanding of the requirements governing market access.

## **3. Principles**

The Partnership will be conducted fully in concordance with the EPCA, as an instrument for the implementation of its article 148 “Cooperation in raw materials and energy goods”. The Partnership should be open and inclusive, ensure a strong multi-level public-private partnership with the participation of representatives of development institutions and organisations, industrial enterprises, business associations and social partners from both sides, relevant ministries of interested EU Member States and Kazakhstan (economy, trade and finance, mining and processing industry, energy, environment), public organisations, interested financial, scientific, technical and educational institutions and investors.

The Sides reaffirm the principles set out in Article 148(2) of the EPCA, which are that respecting the principles of transparency, predictability and non-discrimination and ensuring that rules are not trade-distortive is the best way to create an environment favourable to foreign direct investment in the production and trade of raw materials and renewable hydrogen. The Sides agree that trade and investment in these sectors should be open and absent of distortions.

The Sides intend to promote the active participation of relevant stakeholders in European Industrial Alliances as platforms for cooperation and development of investment projects.

The Sides should encourage appropriate cooperation between market participants, professional associations and civil society in the extractive, processing, refining and recycling industries.

At the same time, the priority of using raw materials is meant to be the processing of industrial mineral waste and extraction of CRMs from them.

## **II. The main areas of work under the Partnership**

In view of the above and in accordance with the EPCA, the Sides intend to cooperate closely in the areas of work defined in this Section of the Memorandum.

### **1. Integration of the sustainable CRM and battery value chains**

Integration of primary and secondary CRMs and battery value chains through the participation of joint ventures of stakeholders, including investment organisations, in business opportunities.

In particular, the Sides intend to work on the following issues:

- exploration of new primary and secondary CRM deposits in Kazakhstan;
- advancing best practices for resource classification and mapping, including mapping mineral potential from waste sources;
- modernisation of mining and refining processes and technologies through the introduction of new technologies and sustainable practices;
- support for the circular economy in raw materials through integrated and efficient use, recycling and processing of CRMs;
- examination of possibilities and promotion of cooperation in manufacturing of battery components / sub-components in Kazakhstan for use in the European Union;
- application of the principles of sustainable mining and processing of raw materials by monitoring the regulatory framework of the mining and processing

industry and their compliance with international standards and best practices, in particular as regards environmental, social and good governance standards;

- application of data, services and technologies to support exploration and monitoring of active and abandoned mining sites (from production to full development) to improve operational safety and minimize environmental impact.

## **2. Development of renewable hydrogen and its integration**

The Sides see potential advantages in concentrating cooperation in the following areas:

- support the development of renewable energy to decarbonise the energy system, including support to investments through open and fair competitive markets;
- sustainably develop a renewable hydrogen market and promote new channels for investment and trade opportunities;
- foster the decarbonisation of their economies through renewable hydrogen.

## **3. Increasing the resilience of raw material, battery and renewable hydrogen supply chains**

The Sides agree to enhance their cooperation to increase the resilience of the supply chains within the scope of this partnership, and agree to work together and hold a dialogue as appropriate on issues relevant to:

- enhancing the transparency and dissemination of information on measures related to investment, operations and export relevant to the scope of this partnership;
- enhancing their efforts to implement trade and investment facilitating measures;
- discussing at an early stage any concerns of disruptions of supply chains reported by the industry and possible mitigation measures to be taken by the Sides;
- ensure that bilateral trade and investment is not distorted.

## **4. Research and innovation, skills & capacity-building**

The Sides intend to promote professional development, training and advanced training in all stages of the CRM, battery and renewable hydrogen value chains through specially designed programmes and internships.

The Sides also envisage strengthening cooperation in the field of research and innovation within the CRM, battery and renewable hydrogen value chains by strengthening the participation of Kazakhstani research and innovation organisations (private/public) in Horizon Europe, the EU Framework Programme for Research and Innovation<sup>9</sup>, as well as in other relevant programmes and addressed targeted financing of research organisations.

In particular, the Sides intend to cooperate in research in the following areas:

- decarbonisation of the CRM value chain including by using renewable energy and digitalisation;
- greening and sustainability of mining processes;
- management of industrial mineral waste and extraction of CRMs from them;
- advanced materials and their replacement;
- technology transfer and mutual access to advanced technology developments for the Sides research centres;
- digitalisation, data management and harmonisation
- new methods and advanced technologies for exploration of new types of raw materials and environmental monitoring of mining activities using Earth Observation and Copernicus data and services.
- exchange of experience and best practices in the field of geological exploration of the subsurface using methods of remote sensing.

The Sides also envisage the use of the Technical Assistance and Information Exchange programme to organise expert seminars and trainings (TAIEX) and intend to explore the support possibilities of the forthcoming bilateral EU-Kazakhstan cooperation facility.

### **III. Attracting investment in sustainable CRM, battery and renewable hydrogen projects**

Recognising the importance of the objectives of the above-mentioned areas of the Partnership, the Sides intend to cooperate in the field of mobilisation of financial and investment instruments of the main relevant financial and investment organisations.

---

<sup>9</sup> Regulation (EU) 2021/695 of the European Parliament and of the Council of 28 April 2021 establishing Horizon Europe – the Framework Programme for Research and Innovation, laying down its rules for participation and dissemination, and repealing Regulations (EU) No 1290/2013 and (EU) No 1291/2013 (Text with EEA relevance)



The Sides intend to also support the development of investment platforms within the framework of the European Raw Materials Alliance and the European Battery Alliance, especially as a tool for:

- coordination of sustainable and innovative projects in the value chain of CRMs and batteries in Kazakhstan with private investors and preparation of a portfolio of viable projects;
- preliminary selection of project proposals by community experts;
- increase transparency and involvement of stakeholders;
- reviewing the framework conditions which may make investment projects happen in a financially, socially and environmentally sustainable way.

The use of financial and investment instruments should follow the Paris Agreement and comply with relevant (international and European) standards, as well as follow best practices regarding not only financial risks and acceptability for banks, but also environmental protection, sustainability, transparency and governance.

#### **IV. Implementation and monitoring**

Within 6 months from the signature of the Memorandum, the Sides intend to develop a Strategic Partnership Roadmap. The Roadmap should identify concrete actions for cooperation agreed by the Sides, along the four areas of work identified above as well as the corresponding working arrangements.

The Sides intend to organise a regular biennial high - level meeting (at ministerial level) to take stock of the Partnership progress, discuss possible new strategic collaboration directions and endorse the Partnership Roadmap for the upcoming period.

The Sides furthermore intend to create a dedicated working group consisting of senior officials, experts and respective actors (as specified in the Partnership Roadmap), where any matters of relevance to the Partnership's implementation should be discussed. The Sides envisage regular meetings of the Working Group, with progress being reported to the Cooperation Committee in trade configuration under the EPCA and during the biennial high-level meeting.

In the process of implementing the Roadmap, the Sides intend to work together to achieve common goals in accordance with the statutory objectives and interests of each of the Sides to the Partnership, strive to build their relationships based on equality,

honest cooperation and mutual protection of each other's interests including of information that is confidential for the public authorities and companies concerned.

The Sides also envisage making use of other existing formats, such as the EU Raw Materials Alliance and the European Battery Alliance, for regular and more frequent exchange of information of relevance to the Partnership.

## V. Format


This Memorandum is not intended to create rights or obligations under international or domestic law. In particular, nothing in this Memorandum represents a commitment of financing on the part of either Side.

Furthermore, this Memorandum does not intend to represent any commitment from either Side to give preferential treatment to the other Side in any matter contemplated herein or otherwise.

The activities described in this Memorandum are to commence on the day after it has been signed by both Sides.

Signed in Sharm El-Sheikh on the 7/11 2022 in two original copies, in Kazakh and English.

**For the European Union**



Ursula von der Leyen

President of the European Commission

**For the Republic of Kazakhstan**



Alikhan Smailov

Prime Minister of the Republic of Kazakhstan